

## 2015-2017 жылдарға арналған аудан бюджеті туралы

Ақмола облысы Шортанды аудандық мәслихатының 2014 жылғы 24 желтоқсандағы № С-36/2 шешімі. Ақмола облысының Әділет департаментінде 2015 жылғы 9 қаңтарда № 4573 болып тіркелді

**Р Қ А О - н ы ң е с к е р т п е с і .**

**Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.**

Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 4 желтоқсандағы Бюджет кодексінің 75 бабының 2 тармағына, «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 6 бабының 1 тармағының 1) тармақшасына сәйкес Шортанды аудандық мәслихаты

**Ш Е Ш І М**

**Е Т Т І :**

1. 2015-2017 жылдарға арналған аудан бюджеті 1, 2 және 3 қосымшаларға сәйкес, оның ішінде 2015 жылға арналған келесі көлемдерде бекітілсін:
  - 1) кірістер – 2 971 304,2 мың теңге, соның ішінде:
    - салықтық түсімдер – 676 224 мың теңге;
    - салықтық емес түсімдер – 7 831,3 мың теңге;
    - негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдер – 59 439,9 мың теңге;
    - трансферттердің түсімдері – 2 227 809 мың теңге;
  - 2) шығындар – 2 998 202,5 мың теңге;
  - 3) таза бюджеттік кредиттеу – 44 931 мың теңге, соның ішінде:
    - бюджеттік кредиттер – 59 004 мың теңге;
    - бюджеттік кредиттерді өтеу – 14 073 мың теңге;
  - 4) қаржы активтерімен операциялар бойынша сальдо – 14 306,4 мың теңге;
    - қаржы активтерін сатып алу – 14 306,4 мың теңге;
  - 5) бюджет тапшылығы (профициті) – (-86 135,7) мың теңге;
  - 6) бюджет тапшылығын қаржыландыру (профицитін пайдалану) – 86 135,7 мың теңге .

**Ескерту. 1-тармақ жана редакцияда - Ақмола облысы Шортанды аудандық мәслихатының 24.12.2015 № С-44/5 (01.01.2015 бастап қолданысқа енгізіледі) ш е ш і м і м е н .**

2. Аудан бюджетінің табыстары келесі көздер есебінен бекітілсін:
  - 1) салықтық түсімдер, соның ішінде:
    - жеке табыс салығы ;
    - әлеуметтік салық ;
    - мүлікке салынатын салықтар ;

ж е р с а л ы ғ ы ;  
көлік құралдарына салынатын салық;  
бірыңғай жер салығы;  
акциздер;  
табиғи және басқа ресурстарды пайдаланғаны үшін түсетін түсімдер;  
кәсіпкерлік және кәсіби қызметті жүргізгені үшін алынатын алымдар;  
б а с қ а с а л ы қ т а р ;  
м е м л е к е т т і к б а ж .

2) салықтық емес түсімдер, соның ішінде:  
мемлекеттік кәсіпорындардың таза кірісі бөлігіндегі түсімдер;  
мемлекет меншігіндегі мүлікті жалға беруден түсетін кірістер;  
мемлекеттік бюджеттен берілген кредиттер бойынша сыйақылар;  
б а с қ а д а с а л ы қ т ы қ е м е с т ү с і м д е р .

3) негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдер, соның ішінде:  
мемлекеттік мекемелерге бекітілген мемлекеттік мүлікті сату, жерді сату.

4) трансферттердің түсімдері, соның ішінде:  
облыстық бюджеттен трансферттер.

**Ескерту. 2-тармаққа өзгеріс енгізілді - Ақмола облысы Шортанды аудандық мәслихатының 25.02.2015 № С-37/2 (01.01.2015 бастап қолданысқа енгізіледі) ш е ш і м і м е н .**

3. 2015 жылға арналған аудан бюджетінде 1 095 603 мың теңге сомасында  
с у б в е н ц и я е с е п к е а л ы н с ы н .

4. 2015 жылға арналған аудан бюджетінде облыстық бюджеттен нысаналы  
а ғ ы м д а ғ ы т р а н с ф е р т т е р і е с е п к е а л ы н с ы н :

1) Ұлы Отан соғысындағы Жеңістің жетпіс жылдығына арналған іс-шараларды  
ө т к і з у г е 3 525 м ың т еңг е с о м а с ы н д а ;

2) автомобиль жолдарын ағымдағы жөндеуге 45 044,3 мың теңге сомасында;

3) Шортанды ауданының Пригородное ауылының су құбырлары желілерін күрделі  
ж ө н д е у г е 184 446,3 м ың т еңг е с о м а с ы н д а ;

4) эпизоотияға қарсы іс-шаралар жүргізуге 21 734 мың теңге сомасында;

5) санитарлық союға жіберілген ауыл шаруашылығы жануарларының құнын өтеуге  
(50 пайызға дейін) 1 122 м ың т еңг е с о м а с ы н д а ;

6) **алынып тасталды - Ақмола облысы Шортанды аудандық мәслихатының 09.11.2015 № С-42/2 (01.01.2015 бастап қолданысқа енгізіледі) шешімімен**

7) орта және жалпы орта білім беретін мемлекеттік мекемелердегі электрондық  
о қ у л ы қ п е н ж а р а қ т а н д ы р у ғ а 1 125 м ың т еңг е с о м а с ы н д а ;

8) балалар мен жасөспірімдердің спорттық мектептер шығындарының облыстық  
б ю д ж е т т е н а у д а н д ы қ (қ а л а л ы қ) б ю д ж е т к е а у ы с т ы р ы л у ы н а б а й л а н ы с т ы 12 193 м ың  
т еңг е с о м а с ы н д а .

9) жылу беру маусымына дайындалуға жылумен жабдықтайтын кәсіпорындарға 5  
0 0 0 м ы ң т е ң г е с о м а с ы н д а .

Ескерту. 4-тармаққа өзгерістер енгізілді - Ақмола облысы Шортанды аудандық мәслихатының 25.02.2015 № С-37/2 (01.01.2015 бастап қолданысқа енгізіледі); 09.06.2015 № С-40/2 (01.01.2015 бастап қолданысқа енгізіледі); 09.11.2015 № С-42/2 (01.01.2015 бастап қолданысқа енгізіледі) шешімдерімен.

5. 2015 жылға арналған аудан бюджетінде облыстық бюджеттен дамуға нысаналы трансферттері есепке алынсын:

- 1) Шортанды кентінде жүзу хауызының құрылысына 30 000 мың теңге сомасында;
- 2) Шортанды кентінің (2-кезек) су құбырлары желілері мен құрылғыларды және су қайтарғыларды қайта құруға 53 130 мың теңге сомасында;
- 3) Бозайғыр ауылының (2-кезек) су құбырлары желілерін қайта құруға және тұрғын үй учаскелері бөлігінің шекарасына дейін су құбырын жүргізуге 26 498,3 мың теңге сомасында ;

4) Шортанды ауданының «Шортанды Су» ШЖҚ МКК жарғылық капиталын көбейтуге 14 306,4 мың теңге сомасында;

5) Шортанды кентінде жүзу хауызының инженерлік желілер құрылысына 64 487,6 мың теңге сомасында ;

6) Шортанды ауданының Шортанды кентінің (3-кезек) су құбырлары желілерін қайта құруға ЖСҚ әзірлеуге 8 708,9 мың теңге сомасында.

Ескерту. 5-тармаққа өзгерістер енгізілді - Ақмола облысы Шортанды аудандық мәслихатының 25.02.2015 № С-37/2 (01.01.2015 бастап қолданысқа енгізіледі); 09.11.2015 № С-42/2 (01.01.2015 бастап қолданысқа енгізіледі) шешімдерімен.

6. 2015 жылға арналған аудан бюджетінде республикалық бюджеттен нысаналы ағымдағы трансферттері есепке алынсын:

1) Ұлы Отан соғысындағы Жеңістің жетпіс жылдығына арналған іс-шараларды өткізуге 6 066,5 мың теңге сомасында;

2) білім берудің мектепке дейінгі ұйымдарында мемлекеттік оқыту тапсырысын жүзеге асыруға 120 602 мың теңге сомасында;

3) үш деңгейлі жүйе бойынша біліктілігін арттырудан өткен мұғалімдердің еңбекақыларын көтеруге 40 516 мың теңге сомасында;

4) мүгедектердің құқығын қамтамасыз ету және өмір сүрулерінің сапасын жақсарту жөніндегі іс-әрекеттер жоспарын жүзеге асыру аясында мүгедектерге қызмет етуге бейімделген ұйымдар орналасқан орындарда жол белгілері мен көрсетулер орнатуға 58 мың теңге сомасында ;

5) «Өрлеу» жобасы бойынша келісілген қаржылай көмекті енгізуге 6 250 мың теңге сомасында ;

6) мемлекеттік мекемелердің мемлекеттік қызметшілері болып табылмайтын жұмыскерлеріне, сондай-ақ жергілікті бюджеттерден қаржыландырылатын мемлекеттік

қазыналық кәсіпорындардың жұмыскерлеріне еңбекақы төлеу жүйесінің жаңа моделі бойынша еңбекақы төлеуге және олардың лауазымдық айлықақыларына ерекше еңбек жағдайлары үшін ай сайынғы үстемеақы төлеуге 101 761 мың теңге сомасында;

7) мүгедектерді міндетті гигиеналық құралдармен қамтамасыз ету нормаларын көбейтуге 2 632 мың теңге сомасында;

8) азаматтық хал актілерін тіркеу бойынша жергілікті атқарушы органдардың штаттық санын көбейтуге 1 039 мың теңге сомасында;

9) ветеринария саласындағы жергілікті атқарушы органдардың штаттық санын көбейтуге 4 352 мың теңге сомасында;

10) ауыл шаруашылық саласындағы жергілікті атқарушы органдардың штаттық санын көбейтуге 1 750,7 мың теңге сомасында.

Ескерту. 6-тармаққа өзгерістер енгізілді - Ақмола облысы Шортанды аудандық мәслихатының 25.02.2015 № С-37/2 (01.01.2015 бастап қолданысқа енгізіледі); 09.06.2015 № С-40/2 (01.01.2015 бастап қолданысқа енгізіледі); 09.11.2015 № С-42/2 (01.01.2015 бастап қолданысқа енгізіледі); 24.12.2015 № С-44/5 (01.01.2015 бастап қолданысқа енгізіледі) шешімдерімен.

7. 2015 жылға арналған аудан бюджетінде республикалық бюджеттен дамуға нысаналы трансферттері есепке алынсын:

1) алынып тасталды - Ақмола облысы Шортанды аудандық мәслихатының 09.06.2015 № С-40/2 (01.01.2015 бастап қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

2) алынып тасталды - Ақмола облысы Шортанды аудандық мәслихатының 09.06.2015 № С-40/2 (01.01.2015 бастап қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

3) Шортанды кентінің (2-кезек) су құбырлары желілері мен құрылғыларды және су қайтарғыларды қайта құруға 247 872 мың теңге сомасында;

4) Бозайғыр ауылының (2-кезек) су құбырлары желілері мен құрылғыларды қайта құруға 127 986 мың теңге сомасында.

Ескерту. 7-тармаққа өзгерістер енгізілді - Ақмола облысы Шортанды аудандық мәслихатының 09.06.2015 № С-40/2 (01.01.2015 бастап қолданысқа енгізіледі) шешімдерімен.

8. 2015 жылға арналған аудан бюджетінде мамандарды әлеуметтік қолдау шараларын жүзеге асыру үшін республикалық бюджеттен 59 004 мың теңге сомасында бюджеттік кредиттер есепке алынсын.

Ескерту. 8-тармақ жаңа редакцияда - Ақмола облысы Шортанды аудандық мәслихатының 09.11.2015 № С-42/2 (01.01.2015 бастап қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

9. 2015 жылға арналған аудан бюджетінде мамандарды әлеуметтік қолдау шараларын жүзеге асыру үшін бөлінген бюджеттік кредиттер бойынша негізгі қарызды өтеуге 14 073 мың теңге сомасында есепке алынсын.

10. 2015 жылға арналған аудан бюджетінде мамандарды әлеуметтік қолдау

шараларын жүзеге асыру үшін республикалық бюджеттен бюджеттік кредиттер бойынша сыйақы төлемдері 23,3 мың теңге сомасында есепке алынсын.

**Ескерту. 10-тармақ жаңа редакцияда - Ақмола облысы Шортанды аудандық мәслихатының 09.11.2015 № С-42/2 (01.01.2015 бастап қолданысқа енгізіледі) ш е ш і м і м е н .**

11. Аудандық мәслихатпен келісілген тізбеге сәйкес ауылдық жерлерде жұмыс істейтін білім беру, әлеуметтік қамсыздандыру, мәдениет салаларындағы мамандарының лауазымдық жалақылары мен тарифтік ставкалары, осы қызмет түрлерімен қалалық жағдайда айналысатын мамандардың лауазымдық ақылары және ставкаларымен салыстырғанда жиырма бес пайызға жоғарылатылып белгіленсін.

12. Ауданның жергілікті атқарушы органының резерві 2015 жылға 2 500 мың теңге с о м а с ы н д а б е к і т і л с і н .

**Ескерту. 12-тармақ жаңа редакцияда - Ақмола облысы Шортанды аудандық мәслихатының 09.11.2015 № С-42/2 (01.01.2015 бастап қолданысқа енгізіледі) ш е ш і м і м е н .**

13. 2015 жылға арналған аудан бюджетін орындау барысында секвестрленуге жатпайтын жергілікті бюджеттік бағдарламалардың тізбесі 4 қосымшаға сәйкес б е к і т і л с і н .

14. 2015-2017 жылдарға арналған аудан бюджетінің қаладағы ауданның, аудандық маңызы бар қаланың, кенттің, ауылдың, ауылдық округтің бюджеттік бағдарламалары бойынша шығыстар 5, 6, 7 қосымшаларға сәйкес бекітілсін.

14-1. 2015 жылдың 1 қаңтарына қалыптасқан 41 204,7 мың теңге сомасындағы бюджеттік қаражаттың еркін қалдықтары республикалық және облыстық бюджеттен бөлінген 41 204,7 мың теңге сомасындағы пайдаланылмаған (толық пайдаланылмаған) мақсатты трансферттерді кері қайтаруға бағытталсын, оның ішінде: республикалық бюджетке 1 511,3 мың теңге, облыстық бюджетке 39 693,4 мың теңге.

**Ескерту. Шешім 14-1-тармақпен толықтырылды - Ақмола облысы Шортанды аудандық мәслихатының 25.02.2015 № С-37/2 (01.01.2015 бастап қолданысқа енгізіледі ); жаңа редакцияда Ақмола облысы Шортанды аудандық мәслихатының 09.06.2015 № С-40/2 (01.01.2015 бастап қолданысқа енгізіледі) шешімімен.**

15. Осы шешім Ақмола облысының Әділет департаментінде мемлекеттік тіркелген күнінен бастап күшіне енеді және 2015 жылдың 1 қаңтарынан бастап қолданысқа енгізіледі.

А у д а н д ы қ м ә с л и х а т т ы ң  
сессия төрағасы К.Балғожин

А у д а н д ы қ м ә с л и х а т т ы ң  
хатшысы Г.Скирда

КЕЛІСІЛДІ

Шортанды ауданының әкімі

Г.Сәдуақасова

Шортанды аудандық мәслихатының  
 2014 жылғы 24 желтоқсандағы  
 № С - 36 / 2 шешіміне  
 1 қосымша

## 2015 жылға арналған аудан бюджеті

Ескерту. 1-қосымша жаңа редакцияда - Ақмола облысы Шортанды аудандық мәслихатының 24.12.2015 № С-44/5 (01.01.2015 бастап қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

Функционалдық топ				Сума
Санат				
Функционалдық топша				
Сынып				
		Бюджеттік бағдарламалар әкімшісі		
		Сыныпша		
		Бағдарлама		
		I. Кірістер		2971304,2
1		Салықтық түсімдер		676224
	01	Табыс салығы		36189
		2	Жеке табыс салығы	36189
	03	Әлеуметтік салық		290000
		1	Әлеуметтік салық	290000
	04	Меншікке салынатын салықтар		269373
		1	Мүлікке салынатын салықтар	201530
		3	Жер салығы	16240
		4	Көлік құралдарына салынатын салық	50760
		5	Бірыңғай жер салығы	843
	05	Тауарларға, жұмыстарға және қызметтерге салынатын ішкі салықтар		76105
		2	Акциздер	6165
		3	Табиғи және басқа ресурстарды пайдаланғаны үшін түсетін түсімдер	52220
		4	Кәсіпкерлік және кәсіби қызметті жүргізгені үшін алынатын алымдар	17720
	07	Басқа да салықтар		182
		1	Басқа да салықтар	182
	08	Зандық маңызы бар әрекеттерді жасағаны және (немесе) оған уәкілеттігі бар мемлекеттік органдар немесе лауазымды адамдар құжаттар бергені үшін алынатын міндетті төлемдер		4375
		1	Мемлекеттік баж	4375
2		Салықтық емес түсімдер		7831,3
	01	Мемлекеттік меншіктен түсетін кірістер		3230,3
		1	Мемлекеттік кәсіпорындардың таза кірісі бөлігіндегі түсімдер	125
		5	Мемлекет меншігіндегі мүлікті жалға беруден түсетін кірістер	3082

	7		Мемлекеттік бюджеттен берілген кредиттер бойынша сыйақылар	23,3
06			Басқа да салықтық емес түсімдер	4601
	1		Басқа да салықтық емес түсімдер	4601
3			Негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдер	59439,9
	01		Мемлекеттік мекемелерге бекітілген мемлекеттік мүлікті сату	4104
		1	Мемлекеттік мекемелерге бекітілген мемлекеттік мүлікті сату	4104
	03		Жерді және материалдық емес активтерді сату	55335,9
		1	Жерді сату	55335,9
4			Трансферттердің түсімдері	2227809
	02		Мемлекеттік басқарудың жоғары тұрған органдарынан түсетін трансферттер	2227809
		2	Облыстық бюджеттен түсетін трансферттер	2227809
			II. Шығындар	2998202,5
01			Жалпы сипаттағы мемлекеттік қызметтер	199089,6
		1	Мемлекеттік басқарудың жалпы функцияларын орындайтын өкілдік, атқарушы және басқа органдар	170791,2
		112	Аудан (облыстық маңызы бар қала) мәслихатының аппараты	17236,9
			001 Аудан (облыстық маңызы бар қала) мәслихатының қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер	17236,9
		122	Аудан (облыстық маңызы бар қала) әкімінің аппараты	53121
			001 Аудан (облыстық маңызы бар қала) әкімінің қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер	52031,1
			003 Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	1089,9
		123	Қаладағы аудан, аудандық маңызы бар қала, кент, ауыл, ауылдық округ әкімінің аппараты	100433,3
			001 Қаладағы аудан, аудандық маңызы бар қала, кент, ауыл, ауылдық округ әкімінің қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер	100199,3
			022 Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	234
	2		Қаржылық қызмет	749,5
		459	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) экономика және қаржы бөлімі	749,5
			003 Салық салу мақсатында мүлікті бағалауды жүргізу	656,4
			010 Жекешелендіру, коммуналдық меншікті басқару, жекешелендіруден кейінгі қызмет және осыған байланысты дауларды реттеу	93,1
	9		Жалпы сипаттағы өзге де мемлекеттік қызметтер	27548,9
		458	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі	9387,8
			001 Жергілікті деңгейде тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	9387,8
		459	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) экономика және қаржы бөлімі	18161,1
			001 Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) экономикалық саясатын қалыптастыру мен дамыту, мемлекеттік жоспарлау, бюджеттік атқару	18161,1

			және коммуналдық меншігін басқару саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	
02			Қорғаныс	1594,2
	1		Әскери мұқтаждықтар	1594,2
		122	Аудан (облыстық маңызы бар қала) әкімінің аппараты	1594,2
		005	Жалпыға бірдей әскери міндетті атқару шеңберіндегі іс-шаралар	1594,2
03			Қоғамдық тәртіп, қауіпсіздік, құқықтық, сот, қылмыстық-атқару қызметі	200
	9		Қоғамдық тәртіп және қауіпсіздік саласындағы өзге де қызметтер	200
		458	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі	200
		021	Елді мекендерде жол қозғалысы қауіпсіздігін қамтамасыз ету	200
04			Білім беру	1594259,6
	1		Мектепке дейінгі тәрбиелеу және оқыту	251776
		464	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) білім беру бөлімі	251776
		009	Мектепке дейінгі тәрбие ұйымдарының қызметін қамтамасыз ету	131174
		040	Мектепке дейінгі білім беру ұйымдарында мемлекеттік білім беру тапсырысын іске асыруға	120602
	2		Бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім беру	1292605,8
		123	Қаладағы аудан, аудандық маңызы бар қала, кент, ауыл, ауылдық округ әкімінің аппараты	82,2
		005	Ауылдық жерлерде балаларды мектепке дейін тегін алып баруды және кері алып келуді ұйымдастыру	82,2
		464	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) білім беру бөлімі	1279442,6
		003	Жалпы білім беру	1245595,6
		006	Балаларға қосымша білім беру	33847
		465	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) дене шынықтыру және спорт бөлімі	13081
		017	Балалар мен жасөспірімдерге спорт бойынша қосымша білім беру	13081
	9		Білім беру саласындағы өзге де қызметтер	49877,8
		464	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) білім беру бөлімі	49877,8
		001	Жергілікті деңгейде білім беру саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	5238,5
		004	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) мемлекеттік білім беру мекемелерінде білім беру жүйесін ақпараттандыру	1725,5
		005	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) мемлекеттік білім беру мекемелер үшін оқулықтар мен оқу-әдістемелік кешендерді сатып алу және жеткізу	27418
		015	Жетім баланы (жетім балаларды) және ата-аналарының қамқорынсыз қалған баланы (балаларды) күтіп-ұстауға асыраушыларына ай сайынғы ақшалай қаражат төлемдері	14003,5
		022	Жетім баланы (жетім балаларды) және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған баланы (балаларды) асырап алғаны үшін Қазақстан азаматтарына біржолғы ақша қаражатын төлеуге арналған төлемдер	148,7
		067	Ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелерінің және ұйымдарының күрделі шығыстары	1343,6



06			Әлеуметтік көмек және әлеуметтік қамтамасыз ету	89040,3
	2		Әлеуметтік көмек	57432,8
		123	Қаладағы аудан, аудандық маңызы бар қала, кент, ауыл, ауылдық округ әкімінің аппараты	6003,1
		003	Мұқтаж азаматтарға үйінде әлеуметтік көмек көрсету	6003,1
		451	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі	51429,7
		002	Еңбекпен қамту бағдарламасы	15705,1
		005	Мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек	0
		007	Жергілікті өкілетті органдардың шешімі бойынша мұқтаж азаматтардың жекелеген топтарына әлеуметтік көмек	13305
		010	Үйден тәрбиеленіп оқытылатын мүгедек балаларды материалдық қамтамасыз ету	703,9
		016	18 жасқа дейінгі балаларға мемлекеттік жәрдемақылар	4398,9
		017	Мүгедектерді оңалту жеке бағдарламасына сәйкес, мұқтаж мүгедектерді міндетті гигиеналық құралдармен және ымдау тілі мамандарының қызмет көрсетуін, жеке көмекшілермен қамтамасыз ету	6601,8
		023	Жұмыспен қамту орталықтарының қызметін қамтамасыз ету	781
		052	Ұлы Отан соғысындағы Жеңістің жетпіс жылдығына арналған іс-шараларды өткізу	9934
	9		Әлеуметтік көмек және әлеуметтік қамтамасыз ету салаларындағы өзге де қызметтер	31607,5
		451	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі	31549,5
		001	Жергілікті деңгейде жұмыспен қамтуды қамтамасыз ету және халық үшін әлеуметтік бағдарламаларды іске асыру саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	18116
		011	Жәрдемақыларды және басқа да әлеуметтік төлемдерді есептеу, төлеу мен жеткізу бойынша қызметтерге ақы төлеу	276,4
		025	«Өрлеу» жобасы бойынша келісілген қаржылай көмекті енгізу	10525,1
		050	Мүгедектердің құқықтарын қамтамасыз ету және өмір сүру сапасын жақсарту жөніндегі іс-шаралар жоспарын іске асыру	2632
		458	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі	58
		050	Мүгедектердің құқықтарын қамтамасыз ету және өмір сүру сапасын жақсарту жөніндегі іс-шаралар жоспарын іске асыру	58
07			Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық	678111,7
	1		Тұрғын үй шаруашылығы	4161,7
		458	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі	1337,3
		003	Мемлекеттік тұрғын үй қорының сақталуын ұйымдастыру	1337,3
		464	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) білім беру бөлімі	2106,1
		026	Жұмыспен қамту 2020 жол картасы бойынша қалаларды және ауылдық елді мекендерді дамыту шеңберінде объектілерді жөндеу	2106,1
		467	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) құрылыс бөлімі	718,3

		003	Коммуналдық тұрғын үй қорының тұрғын үйін жобалау және (немесе) салу, реконструкциялау	718,3
2			Коммуналдық шаруашылық	666605,5
	458		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі	198646,3
		012	Сумен жабдықтау және су бұру жүйесінің жұмыс істеуі	193646,3
		026	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) коммуналдық меншігіндегі жылу жүйелерін қолдануды ұйымдастыру	5000
	467		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) құрылыс бөлімі	467959,2
		058	Елді мекендердегі сумен жабдықтау және су бұру жүйелерін дамыту	467959,2
3			Елді-мекендерді абаттандыру	7344,5
	123		Қаладағы аудан, аудандық маңызы бар қала, кент, ауыл, ауылдық округ әкімінің аппараты	7344,5
		008	Елді мекендердің көшелерін жарықтандыру	4489,5
		009	Елді мекендердің санитариясын қамтамасыз ету	1205
		010	Жерлеу орындарын күтіп-ұстау және туысы жоқ адамдарды жерлеу	60
		011	Елді мекендерді абаттандыру мен көгалдандыру	1590
08			Мәдениет, спорт, туризм және ақпараттық кеңістік	211796,8
	1		Мәдениет саласындағы қызмет	42377
	455		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі	42377
		003	Мәдени-демалыс жұмысын қолдау	42377
	2		Спорт	107394,5
	465		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) дене шынықтыру және спорт бөлімі	12906,9
		001	Жергілікті деңгейде дене шынықтыру және спорт саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	7127,9
		006	Аудандық (облыстық маңызы бар қалалық) деңгейде спорттық жарыстар өткізу	1615
		007	Әр түрлі спорт түрлері бойынша ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) құрама командаларының мүшелерін дайындау және олардың облыстық спорт жарыстарына қатысуы	4164
	467		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) құрылыс бөлімі	94487,6
		008	Спорт объектілерін дамыту	94487,6
3			Ақпараттық кеңістік	42685
	455		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі	33385
		006	Аудандық (қалалық) кітапханалардың жұмыс істеуі	27665
		007	Мемлекеттік тілді және Қазақстан халқының басқа да тілдерін дамыту	5720
	456		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) ішкі саясат бөлімі	9300
		002	Газеттер мен журналдар арқылы мемлекеттік ақпараттық саясат жүргізу жөніндегі қызметтер	9300
9			Мәдениет, спорт, туризм және ақпараттық кеңістікті ұйымдастыру жөніндегі өзге де қызметтер	19340,3

	455	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі	6181,4
	001	Жергілікті деңгейде тілдерді және мәдениетті дамыту саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	5088,4
	032	Ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелерінің және ұйымдарының күрделі шығыстары	1093
	456	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) ішкі саясат бөлімі	13158,9
	001	Жергілікті деңгейде ақпарат, мемлекеттілікті нығайту және азаматтардың әлеуметтік сенімділігін қалыптастыру саласында мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	7663,1
	003	Жастар саясаты саласында іс-шараларды іске асыру	5495,8
10		Ауыл, су, орман, балық шаруашылығы, ерекше қорғалатын табиғи аумақтар, қоршаған ортаны және жануарлар дүниесін қорғау, жер қатынастары	72691,6
	1	Ауыл шаруашылығы	42635,3
	459	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) экономика және қаржы бөлімі	13650,6
	099	Мамандарды әлеуметтік қолдау жөніндегі шараларды іске асыру	13650,6
	462	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) ауыл шаруашылығы бөлімі	14637,4
	001	Жергілікті деңгейде ауыл шаруашылығы саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	14637,4
	473	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) ветеринария бөлімі	14347,3
	001	Жергілікті деңгейде ветеринария саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	10978,5
	007	Қаңғыбас иттер мен мысықтарды аулауды және жоюды ұйымдастыру	700
	008	Алып қойылатын және жойылатын ауру жануарлардың, жануарлардан алынатын өнімдер мен шикізаттың құнын иелеріне өтеу	1638,8
	010	Ауыл шаруашылығы жануарларын сәйкестендіру жөніндегі іс-шараларды өткізу	1030
	6	Жер қатынастары	8322,3
	463	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) жер қатынастары бөлімі	8322,3
	001	Аудан (облыстық маңызы бар қала) аумағында жер қатынастарын реттеу саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	8322,3
	9	Ауыл, су, орман, балық шаруашылығы және қоршаған ортаны қорғау мен жер қатынастары саласындағы өзге де қызметтер	21734
	473	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) ветеринария бөлімі	21734
	011	Эпизоотияға қарсы іс-шаралар жүргізу	21734
11		Өнеркәсіп, сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі	14446,9
	2	Сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі	14446,9
	467	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) құрылыс бөлімі	9688,2
	001	Жергілікті деңгейде құрылыс саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	9688,2
	468	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) сәулет және қала құрылысы бөлімі	4758,7
	001	Жергілікті деңгейде сәулет және қала құрылысы саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	4708,7

		003	Аудан аумағында қала құрылысын дамыту схемаларын және елді мекендердің бас жоспарларын әзірлеу	50
12			Көлік және коммуникация	53594,3
	1		Автомобиль көлігі	48094,3
		123	Қаладағы аудан, аудандық маңызы бар қала, кент, ауыл, ауылдық округ әкімінің аппараты	3050
		013	Аудандық маңызы бар қалаларда, кенттерде, ауылдарда, ауылдық округтерде автомобиль жолдарының жұмыс істеуін қамтамасыз ету	3050
		458	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі	45044,3
		023	Автомобиль жолдарының жұмыс істеуін қамтамасыз ету	45044,3
	9		Көлік және коммуникациялар саласындағы өзге де қызметтер	5500
		458	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі	5500
		037	Әлеуметтік маңызы бар қалалық (ауылдық), қала маңындағы және ауданішілік қатынастар бойынша жолаушылар тасымалдарын субсидиялау	5500
13			Өзгелер	34430
	3		Кәсіпкерлік қызметті қолдау және бәсекелестікті қорғау	5150
		469	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) кәсіпкерлік бөлімі	5150
		001	Жергілікті деңгейде кәсіпкерлік пен өнеркәсіпті дамыту саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	5150
	9		Өзгелер	29280
		123	Қаладағы аудан, аудандық маңызы бар қала, кент, ауыл, ауылдық округ әкімінің аппараты	26780
		040	«Өңірлерді дамыту» бағдарламасы шеңберінде өңірлерді экономикалық дамытуға жәрдемдесу бойынша шараларды іске асыру	26780
		459	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) экономика және қаржы бөлімі	2500
		012	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) жергілікті атқарушы органның резерві	2500
14			Борышқа қызмет көрсету	23,3
	1		Борышқа қызмет көрсету	23,3
		459	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) экономика және қаржы бөлімі	23,3
		021	Жергілікті атқарушы органдардың облыстық бюджеттен қарыздар бойынша сыйақылар мен өзге де төлемдерді төлеу бойынша борышына қызмет көрсету	23,3
15			Трансферттер	53376
	1		Трансферттер	53376
		459	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) экономика және қаржы бөлімі	53376
		006	Нысаналы пайдаланылмаған (толық пайдаланылмаған) трансферттерді қайтару	53376
			III. Таза бюджеттік кредиттеу	44931

			Бюджеттік кредиттер	59004
10			Ауыл, су, орман, балық шаруашылығы, ерекше қорғалатын табиғи аумақтар, қоршаған ортаны және жануарлар дүниесін қорғау, жер қатынастары	59004
	1		Ауыл шаруашылығы	59004
		459	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) экономика және қаржы бөлімі	59004
			018 Мамандарды әлеуметтік қолдау шараларын іске асыруға берілетін бюджеттік кредиттер	59004
5			Бюджеттік кредиттерді өтеу	14073
	01		Бюджеттік кредиттерді өтеу	14073
		1	Мемлекеттік бюджеттен берілген бюджеттік кредиттерді өтеу	14073
			IV. Қаржы активтерімен операциялар бойынша сальдо	14306,4
			Қаржы активтерін сатып алу	14306,4
13			Басқалар	14306,4
	9		Басқалар	14306,4
		458	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі	14306,4
			065 Заңды тұлғалардың жарғылық капиталын қалыптастыру немесе ұлғайту	14306,4
			V. Бюджет тапшылығы (профициті)	-86135,7
			VI. Бюджет тапшылығын қаржыландыру (профицитін пайдалану)	86135,7

Шортанды аудандық мәслихатының  
2014 жылғы 24 желтоқсандағы  
№ С - 36 / 2 шешіміне  
2 қосымша

## 2016 жылға арналған аудан бюджеті

Функционалдық топ				Сума
Санат				
Функционалдық топша				
Сынып				
Бюджеттік бағдарламалар әкімшісі				
Сыныпша				
Бағдарлама				
I. Кірістер				1792872
1	Салықтық түсімдер			660089
	01	Табыс салығы		37275
		2	Жеке табыс салығы	37275
	03	Әлеуметтік салық		306522
		1	Әлеуметтік салық	306522
	04	Меншікке салынатын салықтар		277454
		1	Мүлікке салынатын салықтар	207576

	3		Жер салығы	16727
	4		Көлік құралдарына салынатын салық	52283
	5		Бірыңғай жер салығы	868
05			Тауарларға, жұмыстарға және қызметтерге салынатын ішкі салықтар	32826
	2		Акциздер	6416
	3		Табиғи және басқа ресурстарды пайдаланғаны үшін түсетін түсімдер	14647
	4		Кәсіпкерлік және кәсіби қызметті жүргізгені үшін алынатын алымдар	11763
07			Басқа да салықтар	579
	1		Басқа да салықтар	579
08			Зандық маңызы бар әрекеттерді жасағаны және (немесе) оған уәкілеттігі бар мемлекеттік органдар немесе лауазымды адамдар құжаттар бергені үшін алынатын міндетті төлемдер	5433
	1		Мемлекеттік баж	5433
2			Салықтық емес түсімдер	3948
01			Мемлекеттік меншіктен түсетін кірістер	3536
	1		Мемлекеттік кәсіпорындардың таза кірісі бөлігіндегі түсімдер	129
	5		Мемлекет меншігіндегі мүлікті жалға беруден түсетін кірістер	3407
06			Басқа да салықтық емес түсімдер	412
	1		Басқа да салықтық емес түсімдер	412
3			Негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдер	121627
03			Жерді және материалдық емес активтерді сату	121627
	1		Жерді сату	121627
4			Трансферттердің түсімдері	1007208
02			Мемлекеттік басқарудың жоғары тұрған органдарынан түсетін трансферттер	1007208
	2		Облыстық бюджеттен түсетін трансферттер	1007208
			II. Шығындар	1792872
01			Жалпы сипаттағы мемлекеттік қызметтер	191052
	1		Мемлекеттік басқарудың жалпы функцияларын орындайтын өкілдік, атқарушы және басқа органдар	163921
	112		Аудан (облыстық маңызы бар қала) мәслихатының аппараты	17470
		001	Аудан (облыстық маңызы бар қала) мәслихатының қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер	17470
	122		Аудан (облыстық маңызы бар қала) әкімінің аппараты	47351
		001	Аудан (облыстық маңызы бар қала) әкімінің қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер	47351
	123		Қаладағы аудан, аудандық маңызы бар қала, кент, ауыл, ауылдық округ әкімінің аппараты	99100
		001	Қаладағы аудан, аудандық маңызы бар қала, кент, ауыл, ауылдық округ әкімінің қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер	99100
	2		Қаржылық қызмет	1050
	459		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) экономика және қаржы бөлімі	1050
		003	Салық салу мақсатында мүлікті бағалауды жүргізу	400

		010	Жекешелендіру, коммуналдық меншікті басқару, жекешелендіруден кейінгі қызмет және осыған байланысты дауларды реттеу	650
9			Жалпы сипаттағы өзге де мемлекеттік қызметтер	26081
	458		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі	8617
		001	Жергілікті деңгейде тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	8617
	459		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) экономика және қаржы бөлімі	17464
		001	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) экономикалық саясатын қалыптастыру мен дамыту, мемлекеттік жоспарлау, бюджеттік атқару және коммуналдық меншігін басқару саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	17464
02			Қорғаныс	1602
	1		Әскери мұқтаждықтар	1602
	122		Аудан (облыстық маңызы бар қала) әкімінің аппараты	1602
		005	Жалпыға бірдей әскери міндетті атқару шеңберіндегі іс-шаралар	1602
04			Білім беру	1298869
	1		Мектепке дейінгі тәрбиелеу және оқыту	121627
	464		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) білім беру бөлімі	121627
		009	Мектепке дейінгі тәрбие ұйымдарының қызметін қамтамасыз ету	121627
	2		Бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім беру	1132910
	464		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) білім беру бөлімі	1132910
		003	Жалпы білім беру	1101571
		006	Балаларға қосымша білім беру	31339
	9		Білім беру саласындағы өзге де қызметтер	44332
	464		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) білім беру бөлімі	44332
		001	Жергілікті деңгейде білім беру саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	5342
		004	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) мемлекеттік білім беру мекемелерінде білім беру жүйесін ақпараттандыру	2500
		005	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) мемлекеттік білім беру мекемелер үшін оқулықтар мен оқу-әдістемелік кешендерді сатып алу және жеткізу	18270
		015	Жетім баланы (жетім балаларды) және ата-аналарының қамқорынсыз қалған баланы (балаларды) күтіп-ұстауға асыраушыларына ай сайынғы ақшалай қаражат төлемдері	17582
		022	Жетім баланы (жетім балаларды) және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған баланы (балаларды) асырап алғаны үшін Қазақстан азаматтарына біржолғы ақша қаражатын төлеуге арналған төлемдер	638
06			Әлеуметтік көмек және әлеуметтік қамтамасыз ету	75541
	2		Әлеуметтік көмек	58101
	123		Қаладағы аудан, аудандық маңызы бар қала, кент, ауыл, ауылдық округ әкімінің аппараты	5409

		003	Мұқтаж азаматтарға үйінде әлеуметтік көмек көрсету	5409
	451		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі	52692
		002	Енбекпен қамту бағдарламасы	15403
